# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 34 (1503)
29 қазан
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz




## МЕЖДУНАРОДНАЯ МОДЕЛЬ ООН В КАЗНУ

**В КазНУ на базе факультета международных отношений при организационной поддержке Центра содействия ООН КазНУ и Департамента общественной информации ООН в РК была проведена большая Алматинская международная модель ООН, в честь 20-летия присутствия этой организации в Казахстане. В ней приняли участие более 100 студентов вузов и учащихся школ РК.**

Мероприятие провели в преддверии Дня ООН (United Nations Day), который традиционно отмечается 24 октября всеми 193-мя государствами-членами ООН. Решение о проведении такого дня было принято на 2-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН и отмечается ежегодно, начиная с 1948 года объединенными нациями. Проведение Дня ООН направлено, прежде всего, на ознакомление населения стран с деятельностью, целями и достижениями организации.

*Продолжение на 3 стр.*

## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ИДЕЯСЫ...

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәстүрлі Фараби оқулары-пәнаралық ғылыми-студенттік семинар өтті. Бұл семинар ҚазҰУ Мұражайы, философия және саясаттану факультетіндегі «Әл-Фараби мұраларын зерттеу орталығы», география және табиғатты пайдалану факультеті халықаралық энергоэкология кафедрасының қатысуымен, сонымен бірге Алматы қаласы жастарды рухани-адамгершілік және патриоттыққа тәрбиелеу Комиссиясы, қалалық Ардагерлер кеңесінің тікелей қолдауымен үшінші рет ұйымдастырылып отыр.**



Семинар университет студенттерімен және жас ғалымдарымен бірлесе отырып, шығыстың ұлы ойшылы, философ, энциклопедист Әбу Насыр әл-Фарабидің көпқырлы және бай мұраларын пәнаралық тұрғыда зерттеді және аға буын мен университет жастарының арасындағы ұрпақтар сабақтастығын дәріптеді.

*Жалғасы 2-бетте*

## ЕРТЕҢІҢЕ СЕН, ЕГЕМЕН ЕЛІМ!

**Жақында Астананың Тәуелсіздік сарайында Елбасымыз төрағалық еткен «Нұр Отан» партиясының XV тарихи съезі өтті. Съездің тарихи деп аталу себебі партияның аты өзгеріп, жаңа логотиптік белгісі берілді. 1999 жылы партия қабылданғанда, алғашқы съезге 400 делегат қатысса, бүгінде оның саны 1200-ге жетті. «Нұротандықтарды» біріктірген «Бір ел, бір халық, бір тағдыр» мүддесі болып отыр. Бұл іс-шараға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері де жұмылдырылды.**

Атап айтқанда, Жастар ұйымдарымен ...ыс бөлімінің жетекшісі Данияр ...детбаев, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы төрайымының орынбасары Сандуғаш Сандыбаева, механика және математика факультетінің студенттік деканы Абылай Алатаев, Студенттік сенаттың белсенді мүшелері Аида Тойлыбаева, Нұрзина Қыдыралина, Данагүл Яхиева, Айгерім Пірімхан атты студенттеріміз өткен съездің делегаттары болып қайтты. Ректор Ғалым Мұтанұлы съездің құрметті қонағы болды.

Елбасы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев бұл басқосудың орнының айрықша екендігіне тоқталды. «Қазақстан-2050» стратегиясы қабылданған соң «Нұр Отан» мұндай көлемде алғаш рет жиын өткізді. Ел Президенті өз сөзінде: «Қызым саған айтамын, келінім сен де тыңда» дейтін қағида бүгін билік партиясына қарай ыңғай танытып тұрған сияқты. Бұл съезд «Нұр Отан»партиясының мүшелері құрамының өзгеруімен басталып, 23 тарауды қамтыған Бас құжат Доктринаны қабылдады.Бүгінгі жиында партия саяси кеңесі мен бюросының құрамы жаңартылды. Мемлекеттік қызметшілердің қатары 25 пайызға дейін азайды», - деп атап өтті.

Сондай-ақ Ұлт көшбасшысы жастарға алда әлі биік-биік белестердің де күтіп тұрғандығын айтты. Оларды бағындыру бүгінгі жастардың қолында екендігін назарға салды. Мызғымас бірлік пен тынымсыз еңбек, жасампаздық пен жаңашылдық, жауапкершілік – ең басты құралдардың бірі. Болашақ ұрпақ өздерін ұдайы қамшылап отырғанда ғана «Қазақстан-2050» стратегиясындағы биік мақсаттарға қол жеткізе алады. Сөз соңында Елбасы Партияның тұғырлы, елдігіміздің ғұмырлы болуына сәт-сапар тіледі. «Нұр Отан» партиясы Қазақстанды алға бастайтығына сенім білдірді.

*Жалғасы 3-бетте*

## ОРТАЛЫҚ-АЗИЯЛЫҚ ДЕРЕКҚОР БАЗАСЫНА АРНАЛДЫ

**23-25 қазан аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университеттің алдағы 80 жылдық мерейтойына орай физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұйымдастыруымен Азиядағы ядролық реакциялар бойынша дерекқорды дамыту жөніндегі 4-халықаралық жұмыстық жиыны өтті. Бұл жиын Эксперименттік және теориялық физика ғылыми зерттеу институты және Ядролық физика институтының қолдауымен өткізілді.**

Ядролық реакциялар жөніндегі Орталық-Азиялық дерекқор базасын құрумен тікелей байланысты мұндай шара Қазақстанда алғаш рет өткізіліп отыр. Сонымен қатар Ядролық реакциялар жөніндегі Орталық-Азиялық дерекқор базасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ұйымдастырылатын болады. Сондай-ақ ядролық реакциялар бойынша деректердің компьютерлік базасын жасап қалыптастыру және оны МАГАТЭ жетекшілік ететін ядролық деректер базасының халықаралық желісіне енгізу жобасы бүгінде ЭТФ ҒЗИ-да жүзеге асырылып жатыр. Ал бүгінгі жиынға қатысушылардың барлығы дерлік теориялық ядролық физикамен, ядролық реакциялар физикасымен және ядролық реакциялардың деректер базасын қалыптастыруға ғылыми қызығушылық танытып жүрген мамандар. Бұл іс-шараға Қазақстанның физика саласындағы танымал ғалымдарымен бірге Австрия, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан, Ресей, Қытай, Моңғолия сияқты елдердің ғалымдары қатысты. Жиын барысында Азиядағы ядролық дерекқордың қызметі мен оның келешегі, Ядролық реакция бойынша Азиялық дерекқор жүйесін дамыту, Ядролық реакциялар бойынша болған тәжірибелермен таныстыру, оларға баға беру, аталған реакция бойынша компьютерлік модельдеу және үдеткіштерге қатысты өзекті мәселелер кең талқыға түсті.

*Жалғасы 2-бетте*


БҮГІНГІ САНДА:

АҚШ-ТАҒЫ АЛҒАШҚЫ «ҚАЗАҚСТАН» СИМПОЗИУМЫ

5-бет



БҮГІНГІ САНДА:

«ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ» ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙ



6-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ

7 – бет



РЕКТОРАТ

# ҚАЗҰУ ӘЛЕМ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНЕ ДЕ ҮЛГІ

**Қазақстан білімі мен ғылымының қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлемдік білім кеңістігінде өзіндік орны бар. Әлемнің ең үздік 300 университетінің тобына енген білім ордасының тәжірибесіне бүгінде көп елдердің ЖОО-лары қызығушылық танытып отыр. Ғылыми-зерттеушілік бағытқа ден қойып, әлемдік білім кеңістігінде бәсекелестігін арттырған ҚазҰУ үшін қазіргі таңда университеттің ерекше мәртебесін иемдену мәселесі пісіп жетілді. Кешегі ректорат мәжілісінде ұжым автономиялық білім беру ұйымы мәртебесінің мүмкіншіліктері жайлы сөз етті.**

ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіповтің ҚазҰУ-ға сапары барысында университет дербестігінің ғылымға берер маңызы өзге де өзекті мәселелер қатарында талқыланған болатын. ҚазҰУ-дың еліміздегі осы абыройлы мәртебеге лайықты бірегей оқу орны екендігі даусыз. Оның QS әлемдік университеттер рейтінгісінде өз көрсеткішін 200 баллға көтеруі озық тәжірибе ретінде жоғары бағалануда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2009 жылы 609-орында болса, 2012 жылы – 392, 2013 жылы – 299- орынға көтерілді. Университеттің SCOPUS METRICS: жарияланымдар саны және дәйек сөз алу, өзіне сілтеме жасау бойынша көрсеткіштері де жақсарған. Ал Thomson Reuters базасы бойынша жоғары рейтингтік ғылыми журналдарда шыққан 406 жарияланымның 88-і ҚазҰУ-ға тиесілі. Университет жетістіктері, ерекше мәртебесі және университет базасында «Алатау» инновациялық технологиялар паркінің 3-кезеңін жүзеге асыру туралы отырыста ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Сәбитұлы баяндады. «Халықаралық тәжірибеге жоғары технологиялық өндіріс аймағының ірі университтер базасында шоғырландырудың тиімділігін көрсетіп отыр. Себебі, ғылым университеттен бөлек дамымайды. Мысалы ретінде Массачусетс технологиялық институтының Индустриальді паркі, Цукуба университетінің Ғылыми-инновациялық кластерін атауға болады. Сондықтан да келешекте «Алатау» инновациялық технологиялар паркінің 3-кезеңі біздің университет базасында іске асырылатын болады деуге негіз бар», – дей келе, проректор университеттің ғылыми-инновациялық «дәлізіне», ғылыми-білім беру және инновациялық кластеріне, технопарк құрылымына, инновациялық жобаларға кеңінен тоқталды. «Халықаралық тәжірибені зерттей келе, Елбасы дербес «Назарбаев университетін» құрды. Үлгі ретінде бізге ұсынды. Енді нәтижеге бағытталған басқару тәжірибесіне сүйене отырып, біз де алға жылжуымыз керек. Ғылыми-зерттеушілік бағыттағы университет үшін инфрақұрылым, заң және мәртебе керек», – деді университет басшысы Ғалым Мұтанұлы. Сондай-ақ ол «Алатау» инновациялық технологиялар паркінің 3-кезеңінің бізде іске асырылуының маңыздылығын атап өтіп, алдымызда жаңа экономиканың даму нүктесіне айналу міндеті тұрғандығын айтты.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

# ӨНЕГЕ

**Кітап – баға жетпес рухани қазына. Әрбір адам өмірінде, тұлға болып қалыптасуында кітаптың атқарар рөлі ерекше. Осы орайда, белгілі ғалым, экономика ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры Сағындық Сатыбалдин жас ұрпаққа, жалпы оқырман қауымға арнап өз еңбектерін сыйға тартты.**




Сағындық Сатыбалдыұлы – есімі елімізге ғана емес, шет елдерде кеңінен танылған ірі ғалым. Ол Қазақстан экономикасының дамуына өзіндік үлес қоса отырып, экономика ғылымының теориясы мен тәжірибесін байыта түсті. Бүгінде ғалымның 56 кітап пен кітапшасы, 400-ден астам мақаласы жарық көрген. Оқытушылық қызметінде 28 ғылым докторын, 67 ғылым кандидатын, 10-нан астам PhD даярлап шығарған Сағындық Сатыбалдин 15 мемлекеттің құрметті профессоры болып табылады.

«Мен өмірімнің әрбір кезеңінде алдыма мақсат қойдым. Балалар үйінде өссем де, қиындыққа мойымадым. Оқи жүріп жұмыс та істедім. Алайда басты арманы білім алу болды. Қазіргі жастарға керегі де саналы тәрбие мен сапалы білім», – деді ол.

Ғалымның ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі экономикалық даму жолынан мол мағлұмат берер 20 аталым, 200 дана құнды еңбегін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасы үлкен ризашылықпен қабыл алды.

«Бұл – өнегелі іс. Сағындық Сатыбалдыұлы адал еңбегі, білімі мен мол тәжірибесі, ғылыми ізденісінің жемісі болып табылатын, Қазақстан ғана емес, әлемдік экономиканы да қамтыған аса қымбат кітаптары оқырмандарға, тәлімгерлерге табысталып отыр. Автордың «Қазақстан ғасырлар асуында», «Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл» атты туындылары еліне деген шексіз махаббатынан туындаған», – деді экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Ермекбаева.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# ОРТАЛЫҚ-АЗИЯЛЫҚ ДЕРЕКҚОР БАЗАСЫНА АРНАЛДЫ

Қазақстандық Дата орталықтың директоры академик Н.Ж. Такибаевтың айтуынша, ядролық реакциялар жөніндегі Орталық-Азиялық дерекқор базасы ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жасалуда. Оның ағылшын тіліндегі бөлімі МАГАТЭ жетекшілік ететін ядролық деректер базасының халықаралық желісінің деректер базасына енгізілуге арналса, ал қазақ және орыс тілдеріндегі бөлімдер Қазақстан мен ТМД ішінде білім беру, ғылыми-зерттеулер және техникалық зерттеулер саласында пайдалануға арналмақ. Сонымен бірге деректер базасының білім беру компонентінде қазақстандық ғалым-педагогтардың дәрістері мен кітаптары, электрондық оқу құралдары, анықтамалық материалдар, сонымен қатар студенттердің, магистранттардың, жас ғалымдар мен оқытушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, әр түрлі ғылыми материалдар сақталады. Құрылып жатқан деректер базасы осы салада қызмет жасайтын мамандарға, ғалымдар мен студенттерге қол жетімді болады.

Саппоро қаласындағы (Жапония) ядролық деректер базасын дамыту жөніндегі 1-ші Азиялық жұмыстық жиынын ұйымдастырушы К. Като өз сөзінде: «Мен 4-халықаралық жиынның Алматы қаласында өтіп жатқанына қуаныштымын. Бұл жиынның Азия елдерінің ынтымақтастығы үшін маңызы өте зор, себебі жақында ҚазҰУ-да Азия өңіріндегі 5-ші ядролық деректер орталығы ашылды. Мен Азиядағы ядролық дерекқор базасының ары қарайғы дамуы өте сәтті болады деген ойдамын», - деп түйіндеді.

Азиялық деректер базасының кураторы профессор Н.Оцуко (МАГАТЭ, Австрия) жасалынып отырған іс-шараның Қазақстан үшін, Орталық Азия мемлекеттері үшін маңызы өте зор екендігін атап өтті.

Қазақстанда және Орта Азияда алғашқы рет ядролық реакциялар бойынша деректердің компьютерлік базасын жасап қалыптастыру және оны МАГАТЭ жетекшілік ететін ядролық деректер базасының халықаралық желісіне енгізу деректер базасының идеясы болып табылады. Орталық-Азиялық деректер базасының құрылуын Қазақстан Республикасының Атом Энергиясы жөніндегі агенттігі, бірқатар ұлттық ядролық деректер базасының өкілдері және МАГАТЭ өкілдері мақұлдады.

Ядролық реакциялар жөніндегі деректер базасына арналған бұл жиын Қазақстанның әскери сынақтардан толық бас тартқан және ядролық энергияны бейбіт жолда пайдалануға көшкен ел ретіндегі ерекше мәртебесіне сәйкес келеді. Жұмыстық жиынның соңында жиналған ғалымдар мен дерекқор базаларының жетекшілері, сонымен қатар МАГАТЭ өкілі дөңгелек үстелде бас қосып, Азиялық дерекқор базасының жұмысы мен ынтымақтастықты нығайту мақсатында Азиядағы ядролық реакциялар бойынша дерекқорды дамыту жөніндегі 5-халықаралық жұмыстық жиынды Үндістанда өткізу туралы шешім қабылдады.

**В.О. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,**
теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ИДЕЯСЫ...



Семинарда Мұражай қызметкерлері тарапынан «Әл-Фараби және адамзат өркениеті», «Қазақ даласының ұлы тумасы. Отырар феномені», «Ойшыл дүниетанымы қазіргі жастар көзімен» және тағы басқа әдістемелік кешен ұйымдастырылды. Сонымен қатар студенттер «Әл-Фараби философиясындағы әлеуметтік идеялар», «Әл-Фараби іліміндегі дін мен философия арақатынасы», «Әл-Фарабидің мемлекет туралы ілімі» тақырыптарын қозғады. Ойшылдың мұраларына арналып көрме ұйымдастырылды. Онда әл-Фарабидің Отанынан, Түркия музейлері мен университеттерінен, басқа да шет елдерден әкелінген экспонаттар, тарихи құжаттар қойылды.

Алматы қаласы Әкімдігі «Жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру комиссиясы» төрайымы Б.Р. Рамазанова өзінің өнеге-өсиеттік тәлімдік тілегімен бөлісті. Музей директоры Т.Л. Тәжібаева «Әл-Фараби және тұрақты даму идеясы» тақырыбының негізгі мәнін аша түсті. Студенттер арасында пікірталастар орын алып, олардың әл-Фараби мұрасына қызығушылықтары, жалпы бүгінгі ғылыми-танымдық семинарға дайындықтары айтқан сөздерінен, жинаған мәліметтерінен көрініп тұрды. Философия және саясаттану факультетінің 2 курс студенті М.А Ақылбеков: «Мұндай семинар әл-Фараби бабамыздың еңбектерімен жақсы танысуға мүмкіндік берер жақсы жоба»,- десе, «Әл-Фараби мұраларын» зерттеу орталығының жетекшісі Ж. Алтаев: «Бүгінде әл-Фарабидің мұралары тек біздің елде емес, әлемдік деңгейде өте үлкен маңыздылығын танытып отыр. Себебі ол кісінің жазған еңбектері, әсіресе жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша әлемдік өркениеттің, әлемдік ғылымның, әлемдік философияның дамуына үлкен ықпал етті. Және де осындай іс-шаралар арқылы әл-Фараби мұраларын, еңбектерін студенттерге насихаттау біздің бірден-бір парызымыз», - деді.

Әл-Фараби шығармашылығы – әлем мәдениетінің жарқын беттері. Оның ғылыми білімнің дамуына қосқан үлесі шексіз. Ойшылдың шығармашылығының сан қырлылығы, оның ғылымның әр саласындағы қарастырған мәселелері өсіп келе жатқан ұрпақ назарында екеніне көзіміз жетті.

**Ұлдана ЖИЕНҚҰЛ**

**9 қарашада философия және саясаттану факультетінде профессор Ж. Молдабековтің 70 жылдығына арналған «Қазақтану және ұлттық инновация» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтеді**

# ЛУКАШ ДОНАЙ: МЫ ГОТОВЫ К СОТРУДНИЧЕСТВУ



Fot. L. Nojman

**На вопросы газеты отвечает Лукаш Донай, кандидат политических наук, доцент, член редколлегий журналов „Strategic Review" и „PolitBook".**

**- Какие научные журналы издаются на факультете? Расскажите о редколлегиях и тематической направленности журналов.**

-Факультет Политических Наук и Журналистики Университета имени Адама Мицкевича в Познани (Польша) выступает издателем таких научных журналов как: „Przegląd Politologiczny" (Political Science Review); „Przegląd Strategiczny" (Strategic Review), „Środkowoeuropejskie Studia Polityczne" (Central European Political Studies), „Rocznik Integracji Europejskiej" (The Yearbook of European Integration) и „Refleksje". В них публикуются статьи и рецензии учёных со всех высших заведений не только Польши, но и многих университетов с заграницы. Стоит подчеркнуть, что членами редколегии этих изданий являются научные работники, представляющие университеты Европы, Азии, Америки. Є Вашего разрешения, посвятим этим журналам чуть больше времени.

Важно подчеркнуть, что наши работники состоят в редколлегиях журналов, издаваемых в высших учебных заведениях как в нашей стране, так и за границей. Здесь я позволю себе на небольшую рекламу одного из таких журналов, который издаётся в Москве уже год. Это „PolitBook" – ежеквартальный научный журнал, который посвящен раскрытию актуальных вопросов политической науки. На страницах журнала выступают ведущие российские и зарубежные специалисты, международные эксперты, политологи, философы, социологи, историки. Особое внимание уделяется работам молодых ученых. „PolitBook" предлагает читателям разносторонний анализ вопросов внутренней и внешней политики, межнациональных отношений, развития общественно-политических институтов в странах Восточной Европы, Средней Азии. На страницах журнала поднимаются актуальные проблемы общественных и политических наук. В состав редколлегии журнала входят ведущие представители различных российских и зарубежных исследовательских центров (больше информации на эту тему можно найти на сайте: http://www.j.politbook.ru).

Если кто-то из наших казахстанских коллег захочет публиковаться в вышеуказанных журналах (особенно в „Przeglądzie Strategicznym" или „PolitBook'u") – рад буду помочь (e-mail: lukasz.donaj@amu.edu.pl).

Заканчивая эту часть нашего разговора, следует подчеркнуть, что каждый год на Факультете появляется больше десятка монографий и несколько сотен научных статей, научных разработок, что является подтверждением того, что наш Факультет известен в нашей стране и за границей.

**- Создаются ли совместные научные журналы факультета? Украинские коллеги уже предпринимают такой шаг. В случае с Казахстаном возможно ли ожидать позитивное решение вопроса?**

- Примером такого тесного сотрудничества может быть периодическое издание „Наукові праці. Науково-методичний журнал (Серія: політичні науки)", издаваемый редакційно-видавничий центр Чорноморського державного університету імені Петра Могили. В составе международной редколегии этого журнала есть Декан Факультета Политических Наук и Журналистики УАМ профессор Тадеуш Валляс, замдекана нашего Факультета профессор Анджей Стальмах. В журнале публикуют свои статьи наши работники. Конечно, ничто не препятствует, чтобы подобный журнал с участием польских учёных создать и в Казахстане. К тому же профессор Т. Валлас состоит в редколегии одного из казахстанских научных журналов – «Мысль». Научное сотрудничество не должно ограничиваться границами.

**– Расскажите о контактах ученых факультета с коллегами внутри ЕС, а также другими странами, в том числе СНГ?**

- Я мог бы долго рассказывать об общих проектах, конференциях, публикациях, но...хотел бы особое внимание обратить на обмен студентами. Во-первых, в рамках программы LLP-Erasmus Факультет предлагает студентам возможность выезда на стипендиальную программу в 17 стран и возможность учёбы на одном из 43 высших учебных заведений. В 2012/2013 учебном году в таком обмене взяло участие 88 студентов Факультета. В свою очередь, мы взяли 40 студентов из-за границы. Во-вторых, существует ряд двусторонних договоров с университетами других стран, согласно которым наши студенты могут туда поехать на 2 недели или семестр (а их студенты приехать к нам). Такие договора мы подписали с такими университетами, как: Чорноморський державний університет імені Петра Могили – Миколаїв; Воронежский государственный университет; Московский государственный лингвистический университет; Київський національний університет імені Тараса Шевченка и т.д. Такой же договор подписан с Казахским национальным университетом имени аль-Фараби) – в следующем учебном году ожидаем минимум 5 студентов с Казахстана, которые будут у нас учиться целый семестр. Надеемся, что это будет начало долгого сотрудничества (такое уже существует, но до этого времени охватывало преподавателей и короткие стажировки).

**- На факультете издаются свои газеты. Кто их выпускает, их редакционный и авторский коллектив, кто возмещает полиграфические и иные расходы?**

- Наш факультет издаёт такие студенческие издания, как „BUC. Bardzo Uniwersyteckie Czasopismo" (ОУГ – Очень Университетска Газета) и „Fenestra". Конечно же, координируют их работники нашего Факультета, но... это журналы студенческие, которые редактируются и пишутся студентами. Издаются тиражом в несколько тысяч экземпляров каждый, на хорошей бумаге, с качественной графикой. Это недёшево, но, благодаря мудрой политике нашего Декана, в кассе Факультета на эти инициативы деньги находятся. Кроме газет, традиционно издаваемых (хотя есть у них и електронные версии), стоит вспомнить о газете, которая выходит только в версии on-line - „Sic! e-gazeta studencka" (Вау! студенческая е-газета), которая стаёт всё больше популярной среди читателей.

**– Факультет имеет хорошую теле- и радиостудию. Расскажите о ней подробно.**

- На специальности „журналистика и общественная коммуникация" студенты могут выбирать среди 4 специальностей: „журналистика", „современные СМИ", „реклама и промоция" и „управление информацией в бизнесе". Много практических занятий проводятся в наших теле- и радиостудиях и в компьютерных классах, где студенты монтируют собственные аудио- и видеозаписи. Факультет даёт в аренду камеры и диктофоны, которые можно одолжить после занятий. Всё это очень помогает при создании вышеуказанных газет и таких мероприятий, как: 1. телепрограмма „Kurier Akademicki" (Университетский Курьер), периодически транслируемая в прямом эфире на антене TVP Познань, в которой оговариваются темы, связанные с университетской жизнью; 2. „Flesz" (Флеш) – студенческая информационная программа; 3. Программы Radio „Meteor" (Радио Метеорит) и много-много других студенческих проектов. Большинство СМИ имеют свои сайты в Интернете (а некоторые только там и существуют), поэтому приглашаю посетить сайт нашего Факультета (www.wnpid.amu.edu.pl). Там Вы сможете найти линки на все вышеуказанные мной СМИ.

**- На факультете создана прекрасная материальная база для подготовки будущих специалистов. Кроме стен факультета, где они еще проходят производственную практику, например, в летнее время?**

- Наши студенты проходят практику во многих институциях, а именно: министерствах, правительственных агенствах, исполнительных и законодательных органах государственной власти (на всех уровнях), неправительственных организациях, органах местного самоуправления (на всех уровнях), фондах, дипломатических и консульских представительствах, органах Европейского Союза, ООН и других организаций, польских и международных органах судебной власти, торгово-промышленных палатах, издательствах, информационных агенствах, редакциях (газет, теле- и радиокомпаний, интернет-изданий), агенствах PR, пресс-службах, полиции, муниципальной полиции, пограничных ведомствах и таможенной службы, агенствах охраны, Службе Внутренней Безопасности, научно-исследовательских институтах, органах управления образованием и культуры, коммерческих фирмах (отечественных и международных корпорациях). Важно подчеркнуть, что практика может проходить как на територии Республики Польша, так и вне её границ. Студенты очень хорошо понимают, что практика укрепляет их позиции на рынке труда. Поэтому часто бывает так, что направление на очередную практику (диплом нашего учебного заведения даёт очень много возможностей) просят студенты, которые уже прошли практику, или такие, для которых практика не обязательна.

**– Много ли практиков ведут преподавательскую деятельность на факультете?**

- Для провождения специализированных занятий Факультет приглашает работников с других факультетов УАМ и других университетов, а также редакций, государственных органов и других институций. Среди этих последних есть много известных и признанных журналистов, работников рекламных агенств и пресс-секретарей. Вспомнить хотя бы о директоре TVP Познань, пресс-секретаре УАМ и т.д.

**- Спасибо за интервью!**

**Беседовал**
**Жетписбай БЕКБОЛАТУЛЫ,**
**доцент факультета журналистики КазНУ, Польша, Познань**

**Лукаш Донай - кандидат политических наук, доцент кафедры международных отношений факультета политических наук и журналистики Познаньского государственного университета им. Адама Мицкевича. В своей научной и преподавательской деятельности концентрируется, прежде всего, на вопросах безопасности, внутренне- и внешнеполитической ситуации Украины, свободы прессы в постсоветских государствах, а также политического прогнозирования.**

***Журналистика факультетінде 31 қарашада «Қазақстанда журналистік білім беруді дамыту жолдары: жаңа медианың мүмкіндіктері» атты дөңгелек үстел және екі күндік семинар-тренинг өтеді***

# АКАДЕМИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖЕМІСІ: ЕРЗИНЖАН САПАРЫ

**Түркия мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 20 жылдан астам уақыт болды. Түрік және қазақ халықтары араларындағы жер шалғайлығына және бір-бірлерінен ұзақ жылдар ажырап қалғандарына қарамастан тілдері бір, өткені мен мәдениеті ортақ екендігін ешқашан ұмытпай, әрдайым бір-біріне тілектес болып келеді.**

Осы қасиетті құндылықтар мен ортақ тілектер қарым-қатынасымыздың негізін құрайды. Ортақ тарихымыз, мәдениетіміз, тегіміз, тіліміз бен қасиетті құндылықтарымыз екі елді тығыз байланыстырып тұр. Білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығымыз қарым-қатынасымыздың маңызды өлшемдерінің бірін құрайды. 1992 жылдан бері көптеген қазақстандық студент Түркияда жоғары білім алып жатыр. Олардың саны бүгінгі күні 3 мыңға жеткен екен. Белгілі бір университеттер арасындағы жасалған келісім шарттар негізінде академиялық алмасу бойынша жыл сайын студенттер Түркиядағы университеттерде білімдерін шыңдайды. Бұл студенттерге берілген жақсы мүмкіншілік екенін мен өз тәжірибемнен білемін. Биылғы жаңа оқу жылы қарсаңында ҚазҰУ-дың бес студенті (М. Орынғалиева, М. Қасымова, А.Каймулина, Б.Бектасова, А.Базарқұлова) Түркияға бір айлық жаздық оқуға барып келдік. Бір айлық оқу Түркияның шығыс бөлігінде орналасқан Ерзинжан қаласындағы Ерзинжан университетінде болды. Ерзинжан қаласы Түркияның ірі қалалары Стамбұл, Анкара сияқты емес. Бұрынғы салт-дәстүрді әлі күнге дейін ұстанып келе жатқан қонақжай халқы бар, тарихының тамыры сонау тереңде жатқан кішкентай ғана қала. Бұл қала жүрегімізге жылы әсерін берді, себебі таулы аймақта орналасқандықтан болар, өзіміздің Алматы қаласына өте ұқсас. Ерзинжан университетінің ұстаздары бізді өте жылы қарсы алды. Бір ай көлемінде бізге әрдайым көмек көрсете отырып, үлкен жауапкершілікпен қарады. Осы уақыт аралығында біз түрік тілінде сөйлеу тәжірибемізді арттырып қана қоймай, Түркияның мәдениетімен, тарихымен таныстық. Сонымен бірге Түркияның көптеген басқа да Трабзон, Ризе, Сивас, Токат, Амасия сияқты ірі қалаларына барып қайттық. Сұлу табиғаттарынан, түрік халқынан алған әсеріміз өте мол. Бұл әсерлер біздің түрік тілін, тарихын, мәдениетін оқып-білуге, қазақ-түрік қатынастарын одан әрі жалғастыруға ықыласымызды арттырды. Осы орайда екі жақты байланыс орнатып, біз секілді студенттердің тәжірибе жинақтауына барынша көмек көрсетіп отырған Ерзинжан университетінің ұстазы Угур Туран мырза мен барлық ұстаздарымызға алғысымыз шексіз.

**М. ОРЫНГАЛИЕВА,**
шығыстану факультетінің 4 курс студенті;
**Г.К.ТЕМЕНОВА,**
эдвайзер

# СТУДЕНЧЕСТВО – НОВЫЙ ЭТАП В РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ

**Вчера еще школьники-выпускники, абитуриенты – сегодня студенты! Переход от одной ступени к другой очень важен. Первый курс обучения – это период, когда возможностей становится больше и цели приобретают конкретные очертания. Студенческие годы – это время первых самостоятельных решений, но вместе с этим время, когда коренным образом меняется стиль жизни, режим дня в целом. Студент-первокурсник, впервые столкнувшийся с новыми условиями жизнедеятельности в ВУЗе, неизбежно испытывает трудности. Процесс адаптации у каждого студента проходит индивидуально и зависит от массы факторов: врождённые личностные факторы, факторы социальной среды, факторы психолого-эмоциональной устойчивости и др.**

Именно обсуждению проблем адаптации студентов-первокурсников было посвящено мероприятие в общежитии № 10 с участием студентов, магистрантов, преподавателей факультета истории, археологии и этнологии. Информация и обмен мнениями вызвал большой интерес у аудитории, так как все присутствующие в разные годы столкнулись трудностями привыкания к студенческой жизни. Говоря об адаптации, обращалось внимание на взаимосвязь личности с широким кругом внешних обстоятельств, на развитие студента, его саморазвитие. Во время дискуссий акцентировалось внимание на том, что адаптация должна рассматриваться в двух направлениях: адаптация молодых людей к новой внешней среде и адаптация как становление на этой основе новых качеств личности. Студенты бакалавры 4 курса специальности педагогика поделились собственным опытом и знаниями, полученными в процессе обучения в университете. Они сделали вывод, что не всегда уровень культуры, воспитанность человека непосредственно влияют на его адаптацию, также оказывает влияние коллектив или окружение, в которое попадают первокурсники. Старшекурсники отметили, что закономерным является то, что жизнь вдали от родителей, привыкание к новой среде обитания является начальной стадией адаптации. Но в современном мире постепенно проблема совместной жизни с чужими людьми практически не вызывает стресс у вчерашних школьников. Вероятней всего, необходимость правильно расставить акценты в организации своего учебного процесса, нехватка времени, большой объём новой информации, таковы основные проблемы, которые встают перед первокурсниками. В заключении были даны советы для более комфортной адаптации первокурсников, сделаны выводы о том, что новые знания повышают самооценку, новые друзья придают уверенности в себе. Целеустремленность и настойчивость, инициатива и самостоятельность начинают со временем приносить реальные результаты.

**А.М. АБДИЛДАБЕКОВА,**
**Э.Д. ТЕЛЕУОВА,**
доценты кафедры истории Казахстана

# АҚШ-ТАҒЫ АЛҒАШҚЫ «ҚАЗАҚСТАН» СИМПОЗИУМЫ

**Үстіміздегі жылдың қазан айының басында АҚШ-тың Висконсин-Мэдисон университетінің Орталық Еуразия Зерттеу Ұйымының Орталық Азия мәселелері қозғалатын дәстүрлі көшпелі конференциясы аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Болашақ» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамада жүрген оқытушылары белгілі түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Раушангүл Авакова, сөзжасам теориясының білікті маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор Анар Салқынбай, белгілі тілтанушы ғалым филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғазиза Иманалиева Мэдисон университеті Орталық Азия Зерттеу Орталығының директоры Юлай Шамилоғлының ұйымдастыруымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Мэдисон университетінің бірлескен «Қазақстан» симпозиумы өтті. Симпозиум барысында түркітанудың қазіргі өзекті мәселелері бағытында қазақстандық, американдық ғалымдар баяндама жасады.**



АҚШ-та жыл сайын өткізіліп тұратын дәстүрлі Орталық Еуразия Зерттеу Ұйымы конференциясының жұмысы ауқымында өткен симпозиумда баяндамалар қазақ тілінде жасалды.

Белгілі ғалым, Сүлеймен Демирел атындағы Қазақ-түрік университетінің өкілі, филология ғылымдары-ның докторы, профессор Дандай Ысқақұлы «Тілдер тоғысындағы түркі әлемі», Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Ерболат Саурықов «Қазақстан территориясында табылған руникалық ескерткіштер феномені», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының қызметкері Бақыт Еженханұлы «1768 жылғы Абылай ханның Қашқардағы цин ұлығына жолдаған бір дана түркі хаты хақында», Индиана университетінің ұйғыр тілі маманы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлниса Назарова «Үнсіз кино: ұлттық нақыш (ұйғыр тілі материалы негізінде)», әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Ораз Сапашевтің «Орқұн жазба ескерткіштеріндегі белгісіз жалаң және күрделі графемалардың мағынасының ашылуы», жас ғалымдар С.Бектемірова, Ш.Акимшиева, Д.Розиева, т.б. баяндамаларында қазіргі кезеңдегі түркология ғылымының көкейтесті мәселелері қозғалды. Симпозиум жұмысын АҚШ Висконсин- Мэдисон университеті Орталық Еуразия Зерттеу Ұйымының Еуразия және түркітану бөлімінің профессоры Юлай Шамилоғлы кіріспе сөзбен ашып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессорлары Р.Авакова, А.Салқынбай, Ғ.Иманалиева жүргізіп отырды.

**Қанипаш МӘДІБАЕВА,**
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының

***В КазНУ состоялись студенческие чтения «Аль-Фараби и идея устойчивого развития», посвященные 22 годовщине со дня присвоения университету имени великого мыслителя Востока Абу Наср аль-Фараби***



100 КІТАП

## «ШАЛ МЕН ТЕҢІЗ» ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙ

# ЖІГЕРЛІЛІК ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗЕР

Американдық жазушы Эрнест Хемингуэй шығармалары негізінен автор өмір сүрген уақыттағы қоғамда орын алған ауыр тұрмыс жағдайын, қатал тағдыр иелері туралы баяндайды. Олай болса, жазушының Нобель сыйлығына ие болған «Шал мен теңіз» шығармасындағы балықшы туралы хикаятта ащы да болса шындық жатыр деуге негіз бар. Мұны автордың: «Олар тамақты шырақ жақпай отырып-ақ ішкен, шал қараңғы лашықта шалбарын шешіп, төсегіне келіп жатты. Шалбарды жұмарлап бүктеп, жастық орнына басына жастанды, газетті де соның арасына тыға салды. Көрпешені жамылды да, кереуетке төсеніш ретінде жайылған газеттердің үстіне келіп жата кетті», - деген суреттеуінен айқын аңғаруға болады.

Шығармадағы басты кейіпкерлер – балықшы шал мен оның жанынан жастайынан өзі балық аулауға машықтаған, бірақ кейін «жолын қырсық шалған бейбақтан аулақ кет» деген ата-анасының сөзін аттай алмай, шалды тастап кетуге мәжбүр болған қаршадай ғана бала. Шалдың асты-үстіне түсіп, бар жағдайын жасауға тырысып бағады. Екі ұрпақ өкілдерінің арасында осындай жақсы бір өзара түсіністік пен сыйластық орнаған. Тіпті, ол сексен төрт күн бойы қарияның қармағына балық түспей, құлазып жүрген кезінде жанынан табылып, жұбаныш бола білді. Шалдың көңілін аулап, өмірге деген үмітін үзбеуге шақырды. Басқа арқа сүйер ешкімі жоқ бейшара шал да балаға әбден бауыр басқандығы соншалық баланы бірде-бір естен шығармады. Ол балаға қашанда өз баласындай мейірлене, сүйсіне қарап, ризашылығын білдіреді. Сондай-ақ ол баламен өзінің өмірі, балық аулау кәсібінің қыр-сыры туралы сыр шертеді, армандарымен бөліседі.

«Сен мені оятатын қоңыраулы сағатсың ғой, – деді бала. – Қоңыраулы сағат болатыным – кәріліктен ғой. Карттардың соншама ерте оянатын себебі не дейсің? Тым болмаса сол күнді ұзарту үшін өстетін болар», – деп, өзін қаншама қайратты да қажырлы етіп көрсеткісі келсе де, кәрілігін осылай мойындап қойғанын байқамайды да. Ал тағдырдың тауқыметін ерте тартқан қаршадай бала «Ерте тұру – біздің, еркек затының пешенесіне жазылған ғой. Бұған амал жоқ», – деп, ұйқысынан қиналмай ерте ояну өзін өмір ерте есейткенін, басына түскен қиындықты оңай қабылдауын байқатады.

Автор бас кейіпкерінің тек күнкөрістің қамы үшін ғана теңіздегі тіршілік иелеріне зияны тиетінін, әйтпесе ол жаны таза, жүрегі пәк, табиғатқа деген махаббаты адал адам етіп көрсетуге тырысқан.

Тағы бір қызық жайтты айта кетсек, Хемингуэй кейбір адамдар Тәңір иесін тек бастарына іс түсіп, қиналған кезде ғана есіне түсіретінін нақышына келтіріп суреттеген: "Мен Құдайға сенбеймін", - деді шал. Бірақ осы балықты ұстау үшін "жасаған жар бола гөр" деп, дұға сөзін сан қайырып айтайын. Бұл балықты шын ұстасам, Құдайға құлшылық қылуға серт беремін. Ант етемін. Шал дұға оқи бастады. Кей тұстарда дұғаның қайсыбір сөздерін ұмытып қалып, мұны өзінің титықтап шаршағандығынан көрді де, ұмытылған сөздер ауызға өзінен-өзі түсе қалуы үшін дұғаны шапшаң оқуға тырысты. – Жалғыз хақ, өзің жар бола гөр. Біздей міскін пақырыңа мархабатыңды төк. Мына балық сондай әсем болса дағы, осыны өзің дуалап өлтіріп бер", - деді.

Үш айдай уақыт бойы теңізге шығып, құралақан қайтқанына қарамастан шал болашаққа деген сенімі мен үмітін еш уақытта жоғалтқан емес-ті. Ол сексен төрт күн теңізден ештеңе бұйырмағанын елеместен, «Сексен бес – құтты сан. Салмағы мың қадақ тартатын бір жайынды ертең соқпас па екем?» - деген үмітте болды. «Үмітсіз шайтан» дегендей, тіпті оған «Сексен бес деген саны бар лотерея билетін сатып алсақ қайтеді, о? Ертең сексен бесінші күн ғой?» деген ой да келді. Мұндай оптимистік көзқарас қарт кісі түгіл кейбір уыздай жастарымыздың да бойынан табыла бермейтінін мойындау керек.

Автордың оны мейлінше жас, жігерлі етіп көрсетуі жалынды жастық пен жігіттіктің мәңгілік екенінен хабар беретін тәрізді. Жас бол, мейлі кәрі бол адамға өмір сүру керек. Бойыңда күшің барда ешкімге масыл болмай, кіріптар болмай өз күніңді өзің көр. Қарт кейіпкердің теңіздегі алып жайынмен арпалысуы өмірдің қандай қиын екенін, ал өмірмен күрес одан да күрделі екенін бейнелейді. Ол бірнеше акулалармен алысып, алған жарақаттарының жанына батқанына қарамастан, қайығын тек алға қарай есіп, жағаға жетуге асығады. Бұл жерде адам өміріне қауіп төнгенде тек шыдамдылық пен сабырлылық қана ең бірінші серігіне айналатынына көз жеткізесің. Ягни, қаншалықты шыдамды болсаң, аман қалуға соншалықты мүмкіндік бар деген сөз. Қарттың өзі мұны былайша тұжырымдайды:"Адам жеңіліс үшін жаратылған жоқ. Адамның көзін жоюға болады, бірақ оны жеңуге болмайды». Бұл оның басты ұраны болды.

**Ләйла Дүйсеева,**
дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы

# ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ӘЙГІЛІ ҚАЛАМГЕР

**«Шал Гольфстримге қайығымен бір өзі ғана шығып жүрді» деп басталатын Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты повесі шыққалы бері біршама уақыт өтсе де, шығарма төңірегінде өрбитін түрлі пікірлер легі толастар емес. Негізінде,әрбір жазушының шығармашылық асулары мен шырқау шыңы бар, «Шал мен теңізді» Хемингуэйдің шырқау шыңы мен белестерден асқан асулы шығармасы деп атауымызға әбден болады.**




Э. Хемингуэй – батырлық пен ерлікті мұрат еткен жазушы.Оның бірден-бір дәлелі осы шығармадағы шалдың бойынан айқын байқалады. Жалпы,бұл шығарма Хемингуэйдің біраз үзілістен кейін барып жазған дүниесі екен. Қаламгердің бұл туындысы өзінің өмірінен алынған.Өйткені, Хемингуэй - тағдыр тауқыметін көрген жазушы.Ол бірінші дүниежүзілік соғысты көзімен көріп,тіпті, Испаниядағы соғысқа қатысқан. Хемингуэй 20 жыл өмірін Кубада өткізеді.Сол аймақтағы балықшылардың өмірімен таныс болады.Осының барлығы жазушының шығарма жазуына үлкен себеп болды. «Шал мен теңіздің» тағы бір атап өтетіндей ерекшелігі – кейіпкерлердің есімі санаулы-ақ жерде баяндалуы. Мысалы,шалдың есімі үш жерде,баланың есімі екі жерде ғана ауызға алынады.

Жазушы - тек Американың ғана емес, бүкіл адамзаттың тағдыры үшін алаңдаған қаламгер. Бір сұхбатында жазушыдан:«Сіз бокстан чемпион боламын деп едіңіз, қарымыңыз қалай?» – деп сұрайды. Сонда қаламгер: «Бoксты қойдым, бірақ мен қалайда жеңімпаз боламын. Бірақ бұл жолы әдебиеттен!» – дейді. Шынымен де, Хемингуэй әдебиет әлемінде жеңімпаз бола алды. Мұны ол тек сөзімен ғана айтып қоймай, әлем мойындаған шығармаларымен дәлелдей білді. Әлемдік әдебиет кеңістігінде орасан зор орын алған аса дарынды мәңгілік мұраның иесі Хемингуэй жаққан шырақ ешқашан да сөнбек емес. Сөнбесе, лаулаған күйі өлмек емес.

**Майра ПАРЫМБЕК,**
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2 курс студенті

# ӨТКІР МІНЕЗ, ӨЖЕТ ШАЛ

**Өмірдің мәні әркімге әртүрлі. Біреу басқалардан аса қатты ерекшеленбейтін өмір кешсе, енді біреу дәп оқиғадағы шалдың өз өмірін теңізге арнағаны секілді бар ғұмыры мен арманын бір асылға арнайды. Атақты ағылшын жазушысы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі кім-кімді болса да толқытпай қоймас.**

Оқиға желісі өмірдің біраз аспектілерін қамтиды. Дүниетанымдық тұсынан қарасақ, теңіздегі алуан түрлі жәндіктер мен қарапайым адам біле бермейтін балықтардың тіршілік ету жолдары, олардың түрлі жағдайдағы іс-әрекеттері баяндалады. Басты кейіпкер Сантьягоның кәсібі балық аулау болса да, ол теңіз жәндіктеріне аса жақын е[illegible] 84 күн бойы еш балық аулай алмаған шал еш мойымастан тағы бір жаңа сапарға шығуға ниеттенді. Шалдың бұл жолғы сапарынан үміті зор болды, басқалары аулай алмаған теңіз алыбын қармағына түсіруді ойлады. Көп ұзамастан бұл арманы орындалып, қармағына өзі елестеткеннен де алып балық келіп түсті. Алайда шал оны көре алмады, сол мезеттегі қуанышын бөлісер тірі жан таба алмай, кемесіне келіп қонған құспен сырласа жөнелді. Құс оны күтіп тұра ма, демін алған соң жөніне кетті. Шексіз теңіздегі жалғыз жолдасы болып әлгінде өзі ұстаған балық қалды. Сантьяго, бір жағынан, қармақты жібермей ұстап отырса, екінші жағынан, алып балыққа тамсанып отырды. Оның ойынша, бұл ерекше байсалды, аса ақылды балық еді. Түр-түсін елестете алмаса да, балықтың тым үлкен екенін шал жақсы білді. Қармақты қомағайлана қабуына, әрі қайықты емін-еркін сүйреп бара жатқан күшіне қарап, шал оны еркек балық-ау деп ойлады. Аяқ-қолы тілініп, қансырап тұрса да шал қармақты жібермеді. Шикі етті азық қылып, жұлдыздармен сырласа ұйқысыз түнді де өткізді. Екінші күні ауасыз шыдай алмаған алып балық су бетіне таяу келді. Шалдың да күткені осы еді. Алайда балық кемеден алыс болып, шал оны өлтіре алмады. Шал қасында жолдас болып келе жатқан бұл алыпты анық болмаса да көре алды. Балық шал ойлағаннан да ірі әрі бұрын-соңды көрмеген сымбатты еді. Ендігі теңіз бетіне шығуында шал қателік жасамады, дәлдеп тұрып жайынның жүрегінен соқты. Шал бұл алыпты жағаға жеткізем дегенше де теңіз қарақшылары - акулалар жайынды бүтін қалдырмады, дәлірегінде жайынның сау басы ғана қалды. Бұл шайқастан шалдың аман шығуының өзі - шалдың қайтпас қайсарлығының нәтижесі еді. Жол бойы шал өзіне: «Адам күйреу үшін жаралмаған. Адамды құртуға болар, жеңуге болмас», - дегенді қайталаумен болды. Шал арманына жетті, ол алып жайынға бой бермей, оның басы мен алып қаңқасын жағалауға жеткізді.

**Ақерке ЕСЕНКЕЛДІ,**
халықаралық қатынастар факультетінің 2 курс студенті

*Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА*

*«Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен футболдан жарыс өтті*



**Фариза Әліпбек Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Ұзын-Ата ауылында 1994 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. Балалық шағынан әдебиетке жаны құмар Фариза сайыстарда, жыр мүшәйраларында бағын сынаған. Көптеген әдеби байқаулардың жүлдегері атануының өзі талай сырды аңғартса керек. Жүрегі тұнық та мөлдір сезімге тұнып тұрған Фаризаның әдебиетке жаны жақын болмауына хақысы жоқ болар?! Бүгінде жастарға тән тақырыптың талайына қалам тербеп үлгерген оның шығармашылығы бүгін біздің газеттің «Жез қоңырау» айдарында жалғасын тауып отыр.**

## Мен кіммін?

«...Қазақ елі өз тарихында не көрмеді? Отқа да жанды, суға да батты, бірақ жоғалып кетпеді, тірі қалды. Оның бәріне айғақ елдің елдік үшін күресуі еді».

Иә, шынында да мен кіммін?

Дүниеге пенде болып келген соң өмір заңдылықтарына сәйкес өмір сүресің, ойланасың, толғанасың, ойыңа жауабын таппаған түрлі сұрақтар ұялайды, біріне жауап тапсаң, енді бірі сол жұмбақ күйінде қалып жатады.

Кейде, мен жас ұрпақпын, отбасы қуанышымын, ұстазымның шәкіртімін, доспын, тәрбиеленушімін, үлгі алушымын, арман қуған азаматшамын деп аталмыш сұраққа жауап тапқандай боласың, бірақ «Мен кіммін?» деген сұрақтың жауабы мұнымен бітпесі анық.

Терең ойға шомып, ойың сан-саққа бөлінеді, осы сұраққа жарқыраған сансыз жұлдыздар, есіп тұрған самал жел, сарқырап аққан мөлдір бұлақ, көк аспан, биік шыңдар тіл қатардай көрінеді, бірақ тірі табиғаттың бұл сұрақты шешуге мүкіндігі жоқ. Ол сенің жай ғана қиялың, бұл сұрақ және жауапсыз қалады.

Мен кіммін? Қандай ғұмыр кешіп жатқандығым да жұмбақ...

«Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» деп Абайша айтқанда, мына фәниден өз орнымды тапсам, халқымның қалаулы, елімнің елеулі азаматшасы болсам «Мен кіммін?» деген сұрақтың жауабы осы болар, бәлкім?

Рудаки айтқан екен: «Өмір - теңіз, онда жүзем демеңіз, Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз».

Расында өмір теңіз іспетті, біз сол теңіздеп қайық үстіндегі жолаушы болсақ, қайық ескегін қай бағытқа ессек, қайық сол бағытқа жүреді. Кейде үлкен толқындар келіп бөгет болуы мүмкін, өмір сүруге талпынып ескекті есе түссек бар қиындықтың артта қалары анық. Өмір де дәл ескекті қайықтай, тек жолды дұрыс таңдай білсек болғаны, тулаған толқындай қиындықтар тап болуы ықтимал, бірақ ақылға салсақ ол асуды да аламыз.

Осылайша, сансыз сауалдар мен қиял жетегінде жүріп, мына өмірдің қызығы мен шыжығына алданып, уақытты қадірлей алмай қалатын жайымыз бар. Мен кіммін? Мен кіммін? Осы сұрақты өзіме сан рет қайтара қоямын, шіркін, өзге түгіл өзім қанағаттанатын жауап тапсамшы, жоқ таба алар емеспін. Өмірдің алдында бәріміз шәкіртпіз, сенің кім екенің өзіңе толықтай мәлім емес. Ең бастысы, «Адам» деген ардақты атқа лайық өмір сүру.

# ЯРКИЕ ЗВЕЗДЫ КАЗНУ

**Всего несколько месяцев назад я каждый день просматривала сайт КазНУ и посещала различные форумы, читая о студенческой жизни. Окончив школу и получив заветную золотую медаль, я была счастлива, ведь меня ждал самый престижный и элитный ВУЗ Казахстана. Солнечные летние дни пролетели быстро, но в моем сердце все ещё грели мечты и надежды будущего. Я знала, что годы, проведённые в университете, станут лучшими в моей жизни. И вот, наконец, я стала студенткой этого замечательного ВУЗа, факультета филологии, литературоведения и мировых языков. Никогда не забуду день сдачи документов – порхания бабочек в животе и самую счастливую улыбку на свете.**

Первые дни в университете проходили отлично. Я нашла друзей и много новых знакомых. Я надеюсь, что судьба преподнесёт мне много приятных сюрпризов и моя студенческая пора станет такой же безумно весёлой, как и в рассказах моих родных и близких. Я уверена, так и будет. КазГУград – маленький городок, со своей неповторимой атмосферой. И дышится здесь легко, и живётся очень интересно. Так приятно просыпаться по утрам и ощущать свежий горный воздух, отмерять путь от общежития до корпуса любимыми песнями в наушниках, возвращаться с учёбы, прячась от солнца, читать любимую книжку, сидя у окна, готовить вкусный обед для всех соседей и засыпать под звуки гитары. Порой бывает грустно за тысячи километров от дома, но даже эта грусть испаряется, стоит лишь прогуляться по ночному КазГУграду. Очень радует, что в нашем университете так много талантливой молодёжи с блеском в глазах и ясной улыбкой. Ведь будущее нашей родины в наших руках. А значит, будущее у суверенного Казахстана – великое. Какой мы вклад внесём в развитие нашей страны покажет время. Но я уверена, что молодёжь, воспитанная в стенах самого лучшего ВУЗа страны, станет крепким фундаментом успешного будущего нашей родины. С самых первых дней взросления нас готовили к выбору профессии. Каждый выбрал свой путь. Он, конечно же, будет тернистым. Путь длиною жизнь....

Этот путь будет полон радостей и горестей, побед и поражений. Он подарит нам волнения первой любви, крепкую дружбу и незабываемые воспоминания. Мы строим свою жизнь сами, сами создаём своё будущее.

Поэтому, дорогие друзья – мои сверстники, я желаю вам удачи и успехов, исполнения ваших желаний и незабываемых студенческих лет. Я надеюсь, что когда наступит пора покинуть это волшебное место, не будет ничего, о чем мы будем жалеть (обязательно прочитайте статью в интернете «50 things to do before you leave university»). Наслаждайтесь жизнью и смело идите к своей мечте, ведь время не повернуть вспять. Верьте в себя и покоряйте сердца. Наш путь начинается сегодня, здесь и сейчас. Так давайте же и мы станем звёздами - яркими, красивыми и ослепительными!

**Тогжан ЛЯНОВА,**
студентка 1 курса
факультета филологии, литературоведения и мировых языков

# ТҮСІНУ мен КЕШІРУ

Ертеде Базаралы атты кедей шаруа өмір сүріпті. Алла оған қанша жыл армандаған, тілеген бір перзентін қырық жасқа келгенде сүйгізеді. Ол қатты қуанып, жаратқанға шүкіршілік айтып, ұлының есімін Айбек деп атайды. Айбек екі иығына екі арыстан мінгендей алып тұлғалы, көрсе көз тоймастай келбетті жігіт болыпты. Бір үйдің бетін қақпай өсірген жар дегенде жалғыз ұлы екен. Ата-анасының қуанышы да, сүйеніші де сол бір түйір баласы. Сол баладан үлкен үміт күтіпті.

Күндерден күн өтіп, айлардан ай өтіп сол Айбек жиырма жасқа жетіпті, өзі ақылды, білімді, көреген, сегіз қырлы бір сырлы батыр болып тәрбиеленіпті. Ел-жұртына үнемі жақсылық жасап жүреді екен. Ата-анасы асқан бай болмаса да баласын қолдан келгенінше асырап, бағыпты. Батыр азаматтың есімі бүкіл әлемге таралып, барлық қыз-қырқынның айтатыны «батыр Айбек» болыпты. Сол замандары Айбекпен Ұлықбек деген жігіт бірге өсіп, жақсы дос болыпты, бірақ ол қанша әрекеттенсе де Айбекке жете алмапты. Бірақ екі дос бір-бірін қатты құрметтейді екен. Ал Ұлықбектің әкесі Әмірхан өте қатыгез, жауыз, іші тар адам болыпты. Асқан бай бола тұра ұлы Ұлықбектің қарапайым шаруа баласынан төмен болғанын көре алмай, оған талай айла-әрекеттер ұйымдастырады. Әкесінің мұндай әрекетке барғанын сезген Ұлықбек оған қатты ренжиді. Бірақ Ұлықбек қанша әрекеттенсе де жауыз әкесіне тоқтау сала алмапты.

Бай, жауыз Әмірхан сонау Шахристан деген шахардан «у»деген нәрсені жасайтын бақсыны алдырыпты. Ол адамдарды түрлі нәрсеге айналдырады-мыс. Бақсы келіп тоғыз түрлі шөптен тоқсан күн дегенде бір улы дәрі жасап шығарады.

Дегеніне қолы жетейін деген Әмірханға Айбекке ол уды ішкізу қиынға соқпайтын шаруа болатын. Себебі Айбек пен Ұлықбек бір үйдің балаларындай еді, көбіне бірге тамақтанатын, бірге аңға шығатын, тіпті, жиі бірге қонып қалатын.

Сол күні Ұлықбек пен Айбек ұзақ сырласып, әңгімелескен болатын. Бірақ мұндай жағдай туарын олар сезбеген де еді.

Сол үйден оралғалы Айбек ауыр дертке ұшырады, халық болып жаны ашып, жер-жерден қаншама емшілерді шақырғанымен, батырдың беті бері қарамады. Кеудесінде жаны, қу сүйегі мен терісі ғана қалды.

Сол кездері бай, жауыз Әмірханның да жағдайы мәз емес-ті, бар жиған-терген байлығын уды жасаған бақсыға берген болатын, одан не пайда?

Ел-жұрт бұл жағдайға Әмірханның қатысы бар екенін білсе де, айғақтары болмаған соң еш амалсыз жүрген болатын. Бірақ «көп түкірсе көл»деген халық даналығы бар, ел-жұрт жағдайды анықтады. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» дейді емес пе, Әмірхан мен бақсының өтірігі ашылып, халықтың қарғысына ұшырады. Бейшара күйге түскен бақсы Айбекті емдеп жазды. «Шайтанның азғыруына түсіппін» деп Айбектен, елден кешірім сұрады.

Ал Әмірхан өмірінің кейінгі жылдарында қаңбақтай ұшарын жел, қонарын сай біліп істеген күнәсіна көзі жетіп, адамдарға көп жақсылық жасаумен болды. Ел-елге барып кедей шаруаларға көмектесіп, бақытқа жетудің жолдары тек жақсылық арқылы екенін ұғындырды.

Ал Ұлықбек әкесінің әрекетіне қатты ұялып, елден ұзаққа қоныс аударыпты. Отбасын құрып, балалы-шағалы болыпты. Әйтсе де, әкесіне, туған жеріне деген сағынышы жүрегіне маза таптырмапты. Ең алдымен, қаңғырып кеткен әкесін іздеп тапқысы келіпті де ел-елді, жер-жерді аралап шығыпты. Жол-жөнекей сенбестей қызықты жағдайларды көріпті. Бір елге барса адамдарының барлығының жүзінде күлкі, мұңайып жүрген бір адамды таба алмапты. Бұл қалайша, сыры не болды екен деп тұрғындардан сұраса, көпжасағыр Әмірханнан сұрасаң, сол ұғынықты жауап береді депті. Мұндай жағдай бір рет емес, сан рет қайталаныпты. Сонда ғана ол өзінің әкесінің бұрынғы қателігін түсінгенін көріпті де әкесін алып, отбасымен бұрынғы туған жеріне қайта оралыпты. Онда барып, елден қайта кешірім сұрап, бақытқа жетудің жолдарын түсіндіріп, барлығы тату өмір сүрген екен.

**Фариза ӘЛІПБЕК**

***На факультете довузовского образования провели открытый кураторский час для иностранных студентов «Здравствуй, Казахстан!»***

# ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ

«Жетім көрсең, жебей жүр» дейді дана халқымыз. Сонымен бірге береке мен бірлікті, қайырым мен қанағатты да қазақ халқы жоғары қояды. Бір-біріне жақсылық тілеу, жетім-жесірді жебеу, мұқтажға қол ұшын беру сияқты ата-бабамыздан қалған асыл дәстүрлерді жалғастыру жастардың бойында игі дәстүрге айналуы керек. Осы орайда, «Айналаңды нұрландыр!» жобасы аясында философия және саясаттану факультеті мәдениеттану мамандығының 1 курс студенттері жетім балалар үйіне барып, қайырымдылық шараларын көрсетті. Осы факультеттің әр студенті бір кісідей атсалысып, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті оқу құрал-жабдықтарын сыйға тарту етті.

Студент жастардың жасаған қамқорлық-қайырымдылығы үшін, мейірімділік пен жылы жүрек, түсінік пен махаббат сыйлағаны үшін балалар өз ризашылықтарын білдірді. Балаларға қуанышты мереке сыйлау, оларды ыстық махаббат, ықылас пен жүрек жылуына бөлеу, ризашылық пен мейірімділікті білдіру мақсатында жасалған қайырымдылық шарасы алдағы уақытта да жалғасын табатын болмақ.

**Ботакөз ҚУАНЫШҚЫЗЫ,**
философия және саясаттану факультетінің 1 курс студенті

# БІЗ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ҚОЛДАЙМЫЗ!!!

**Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені. Бүгінгі тіршілік ағымы сол құтты мекенімізден бізді бір табан болсын алыстатып бара жатқандай. Қаланың қауырт өмірінен шаршаған кезде аяулы табиғат анамыздың аясында демалуға бәріміз де құштармыз. Ал демалыстың бұл түрін біз туризм мамандығында оқитын студенттер "экологиялық туризм" деп атаймыз. Бір сөзбен айтқанда, табиғат пен адам арасындағы алтын көпір.**

Жақында "INFOTOUR" студенттік турагенттігі география және табиғатты пайдалану факультеті туризм және рекреациялық география кафедрасының 4 курс студенттеріне арнайы Іле Алатау Мемлекеттік Ұлттық Саябағының Ақсай шатқалы аумағында экскурсия ұйымдастырды. Бұл экскурсия өзінің экологиялық бағытымен ерекшеленді. Экскурсия барысында студенттер еліміздің әсем табиғатының сұлулығына тағы бір көз жеткізгендей болды. Ақсай шатқалы аумағында 9 демалыс базасы, 2 фарерлік шаруашылық бар. Сонымен қатар студенттерді таңғалдырған, оларды қызықтырған ерекше бір нысан - "Тас қамал" болды. Бұл қамалды 30 жылдан бері салып жатыр екен. Құрылысы әлі аяқталмағанымен өзінің ерекше архитектурасы, тарихы арқылы әлден көз тартып тұр. 1008 м биіктікте орналасқан "Ақжар үйіндісі" және оның тарихы да студенттерді бей-жай қалдырмады.

Экскурсия тек табиғи нысандарды аралау және олармен танысумен шектелмей, әрі қарай көңіл көтеру, ойын-сауық бағдарламаларымен жалғасын тапты. Дәл сол күні қаланың қауырт өмірінен бір сәтке болсын қол үзіп, барлығымыз табиғат аясында көпке дейін айтып жүретін тамаша күндердің бірін өткізіп келді.

**А.Ш. ША...,**
рекреациялық география және туризм кафедрасының аға оқытушысы
**С.ҚАЙРАТ,**
4 курс студенті

■ СПОРТ

# ШЫНЫҚСАҢ, ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ

**21 қазанда жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы жанындағы «Дені саудың – жаны сау» үйірмесінің ұйымдастыруымен «Қызықты старт» атты спорттық эстафеталық жарыс өтті.**



Бұл жарысқа ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің АИР-дан келген шетелдік студенттері қатысты. 4 топқа бөлінген «Жас қыран», «Үміт», «Күн», «Жұлдыз» командалары сынға түсті. Командаға бөлінген тыңдаушылар «Шеңбермен жүгіру», «Эстафеталық жарыс», «Секіртпемен секіру», «Допты иыққа қысып жүгіру» атты сайысқа қатысып, ерекше белсенділікпен өз шеберліктерін көрсетіп, спортқа деген сүйіспеншіліктерін байқатты. Топ жарып, ерекше көзге түскен «Күн» тобы бірінші орынды иеленсе, «Жас қыран» екінші орынға шықты, ал үшінші орынға «Үміт», «Жұлдыз» командалары қол жеткізді.

Ай сайын өткізіліп тұратын мұндай спорттық сайыстардың мақсаты - жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, тыңдаушылардың өзара ұйымшылдығын дамыту, спортқа деген қызығушылығын ояту, қозғалыс белсенділігін арттыру, көпұлтты факультетте толеранттық қарым-қанынас жасауға, қоғамға қызмет жасауға үйрету. Спорттық сайыс тыңдаушылардың белсенділігін арттырып қана қоймай, денені үнемі шынықтыру, денені шынықтыру арқылы сананың сапа деңгейін, ойлау дәрежесін, күнделікті сабаққа деген ынтасын көтеру, өрісін бекіту, рухты шыңдау, демалысты дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді.

Университет басшылығы мен факультет ұжымы тарапынан тыңдаушылардың денсаулығына үлкен көңіл бөлінуде. Спорттық және тәрбиелік мәні зор игілікті іс-шараларға әрдайым моральдық және материалдық қолдаулар көрсетіп отыратын университет пен факультет басшылығына алғысымызды білдіреміз.

**Г.А. ТАСТЕМІРОВА,**
**С.А. НҮСІПБАЕВА**
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары

# ПРАЗДНУЯ ЮБИЛЕЙ, ИГРАЕМ ФУТБОЛ

Как известно, 2013 год для КазНУ имени аль-Фараби – юбилейный год. Университет запланировал провести огромное количество интересных мероприятий. Каждый сотрудник и студент вуза стремится поздравить родной университет. Преподаватель кафедры математического и компьютерного моделирования механико-математического факультета Сергалиев Алмаз Серикович инициировал проведение футбольного турнира «Кубок кафедры МКМ – 2013», приуроченного к юбилею КазНУ, а также празднованию десятилетия кафедры МКМ. Примечательно, что для кафедры МКМ – это тоже юбилейный год. Студенты с радостью поддержали инициативу своего преподавателя и активно участвовали в организации мероприятия, которое состоялось 6 октября 2013 года на футбольных полях спортивно-оздоровительного комплекса КазНУ. Студент 4-го курса Квон Артем и студентка 2-го курса Жақсылық Санжан собрали сведения о желающих принять участие в турнирах, нарисовали поздравительные плакаты, подготовили турнирные таблицы и форму для участников. В турнире приняли участие 4 команды – студенты 2,3,4-го курса, специальности математическое и компьютерное моделирование. В рамках мероприятия каждая пара команд провели по две очные встречи. Игроки и организаторы получили массу позитива от игры, самые запоминающиеся моменты были запечатлены на камеру. В роли фотографа и болельщика выступил преподаватель кафедры Каржаубаев Каиржан Каналбекович, который также активно поддержал ребят в желании провести оздоровительное мероприятие такого уровня. Победителем стала команда «МКМ 4 курс» – А. Квон, Ж. Бектемесов, Д. Сатыбалды, С. Оразов, Н. Цой.

На заседании кафедры МКМ ... заведующего кафедрой, PhD, доц... Жакебаев Даурен Бакытбекович поздравил ребят с победой и отметил, что «Проведение такого рода мероприятий должно стать традицией для нашей кафедры» и вручил команде, занявшей 1-е место, Кубок победителя.

**Оксана КАРУНА,**
заместитель заведующего кафедрой математического и компьютерного моделирования по учебной, методической и воспитательной работе

**Бетті дайындаған Ұлдана ЖИЕНҚҰЛ**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**
*Бас редактор* – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
*Жауапты хатшы* – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
*Тілші* – **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
*Корректорлар:* **Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА**
*Дизайнер* – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**
**050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.**
**Байланыс телефоны:**
**377-33-30, ішкі: 11-94,**
**тікелей: 377-31-48.**
Электронды мекен-жай:
**kazuniver-gazeti@mail.ru**
Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелдi.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы 1000 дана.**
**Тапсырыс № 11 125**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.